

## БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУ САБАҚТАРЫНДА МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Соған қарамастан мұғалім қолданатын кез-келген әдіс болсын, технология болсын оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерінен, нақтырақ айтсақ оқушылардың психологиялық ерекшелігінен туындауы керек[1].

Модульдік оқытудың қазіргі уақытта білім беру саласында пайдаланудың қажеттілігі зор. Оқыту үдерісіне жүйелік жағдайын жасау мүмкіншілігін қамтамасыз ету мағынасында модульдерден құрастырылған жүйе болатын мақсатты модульдік пайда болады. Екінші жағынан модульдік оқыту қазіргі кезде педагогикалық ғылымның алдында тұратын міндеттерді ең қолайлы жинақы түрде шешу үшін алғы шарт жасайтын жүйе бола тұра оқытудың жаңа бағытын белгілейтін бір жолы болып табылады.

Модульді оқыту технологиясы АҚШ пен Батыс Еуропада 1960 жылдары дәстүрлі оқуға балама ретінде ұсынылатын білім игеру жүйесі. Бұл технологияның мәні – оқушы модульмен жұмыс орындау барысында нақты мақсатқа өз бетінше (не белгілі шамада мұғалім жәрдемімен) жетеді (П.Ю.Оцвичене, Т.И.Чамова). Модуль – мақсатқа орайластырылған оқу мазмұны мен оны меңгеру жолдарын (технологиясын) біріктірген түйін, топ (узел)[2].

Модуль құрамы: әрекеттің мақсаттық жолдары, ақпарат қоры, дидактикалық мақсатқа жетудің әдістемелік көрсетпелері.

Бұл технологияға орай оқу мазмұны өз алдына белгілі жинақы құрамға келтірілген ақпараттық топ (блок) күйінде беріледі. Ол ақпарат оқу мазмұнының көлемін ғана емес, әдістері мен олардың игерілуі деңгейін де көрсететін дидактикалық мақсатқа сәйкес меңгеріледі.

Модульдік оқуда өзіндік жұмыстарға аса көп уақыт бөлінеді. Бұл оқушыға оқу әрекеттеріне кірісуімен өз мүмкіндіктерін сезінуге, білім игеру деңгейін өзі анықтауына, өз білімдері мен ептіліктерінегі кемшіліктерді байқауына жәрдемдеседі.

Модульдік оқу дәстүрлі білім игеру жүйесімен байланыста пайдалануы мүмкін. Модульдер оқу жүйесінің қалаған ұйымдастырылу формасында орын тауып, оның сапасын жақсартуға және тиімділігін арттыруға қолданылуы ықтимал.

Жалпы білім беретін мектептің модульдік бағдарламаларын құрастыру мүмкіндіктерін жете зерделеулерде біз мынадай ұстанымдарды назарда ұстаймыз:

- ақпараттар жиынының мазмұнды дидактикалық мақсатқа сүйеніп жасауын және соның белгілеріне (танымдылық немесе әрекеттік) қатысты танымдық, немесе операциялық тәсілінің қолданылуын ескеретін мәлімет беру материалының мақсатты бағыты;

- модульдік бағдарламаның және жеке модульдердің құрылысының анықтамасында іске асатын, интеграцияланған, құрамдық және жекелеген дидактикалық мақсаттың үйлесім табуы;

- модульдегі оқу материалының толықтығы;

- модуль элементтерінің біршама дербестігі;

- кері байланыстың іске асуы;

- ақпараттық және әдістемелік материалды үйлесімді түрде жеткізе білу (баяндау, түсіндіру);

- дидактикалық мақсатты жасаудағы белсенділік әрекеті;

- оқыту мазмұнының функционалдығы.

Қажетті модульдік бағдарламаны белгілеп алғаннан кейінгі оның құрылымын, яғни құрамдық бөлігін - модульді таңдау. Кейбір шетелдік авторлар модульдік оқытудың материалдық негізін құруда нақтылы оқу жағдайында оның қолданылу мүмкіншілігін тексеруден бастау керектігін ұсынады

Модульдік бағдарлама оқытудың негізгі құралы бола тұра оқу үдерісінің жекелеген функциясын атқарып, кері байланыс материалымен де қамтамасыз етілуі керек. Модульдегі кері байланысты жүзеге асыратын негізгі құрал - дидактикалық тест. Дидактикалық тесттің деңгейі мен ерекшелігі, игертілуі дидактикалық мақсатта көрсетілген тәжірибенің деңгейі мен ерекшелігіне сәйкес келуі қажет. Жекелеген модульдерге арналған тестілер сол модульдерге қойылған мақсатты бағалауды қамтамасыз етуі керек.

Модульдік оқытудың басты мақсат - оқытудың ұйымдастырылуы бойынша және мазмұны бойынша адам бойындағы осы сәттегі қажеттілікті қанағаттандыруда кепілдік беретін әрі жаңа қажеттілікті анықтайтын икемді білім беру құрылымын құру.

Модульді үш топқа жүйелеуге болады:

-модуль – біліктілік мінездемесінің талаптарына жауап беру, мамандық бойынша оқу пәндерінің жиынтығын ұсынатын мемлекеттік білім беру стандарт бірлігінің үлгісі;

-модуль – пәнаралық әдістемелік – ұйымдастыру құрылымы тақырыбының жиынтығы ретінде бір мамандықты меңгеруді және оқу үрдісіне пәнаралық қатынасты қамтамасыз етуі;

-модуль бір ғана оқу пәнінің шеңберіндегі ұйымдастыру - әдістемелік құрылымның бірі;

Сонымен, модульдік оқытуды білім алушының өзігімін жұмыс істеуі және белсенділігін арттыратын өзін - өзі басқару мен басқарудың тиімді арақатынасын орнатуымен ерекшеленуге болады.

Педагогикалық үдерісті басқару - модульдік оқыту теориясының өзекті мәселелерінің бірі.

Модульдік оқыту технологиясы басқа оқыту түрлері мен тәсілдерінен түбегейлі түрде айрықшаланады:

1) Оқыту мазмұны аяқталған, дербес келеді модульдермен беріледі, модульдер сонымен қатар ақпарат қоры әрі оны меңгерту үшін әдістемелік нұсқауы болып табылады.

2) Оқу үдерісінде педагог пен оқушының өз ара бірлескен әрекеті де модульдер арқылы іске асырылады, олар әрбір сабаққа алдын ала дайындалуда белгілі бір деңгейге саналы түрде өз бетімен жетуді қамтамасыз етеді.

3) Модульдік оқытудың мән оқу үдерісінде педагог пен оқушы арасында субъект – субъектілік қарым – қатынас сәйкесімділігінің қалайда сақталуы талап етіледі.

Педагогикалық технологияны таңдау барысында алынып отырған технологияның мектептің мүмкіндігі мен нақты жағдайына сай болуы; жүйелілігі мен тиімділігі ескерілуі тиіс. Педагогикалық технология оқу үдерісімен, мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен тығыз байланысты.

Оның құрамына:

- тұжырымды негізі;
- оқытудың нақты және жалпы мақсаты;
- оқу материалының мазмұны;
- оқу үдерісін ұйымдастыру;
- оқушылардың оқу іс-әрекетінің әдістері мен формалары;
- мұғалім қызметінің әдістері мен формалары;
- оқу үдерісінің диагностикасы т.б. жатады.

Бастауыш сыныптарда модульдік технологияны қолдану барысында мұғалім төмендегідей шарттарды білуі тиіс:

1. модульдік технология көмегімен шешілетін мәселелерді;
2. технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді;
3. технология мәнін, алынатын нәтижелердің теориялық негізін;
4. технологияда мұғалім қолданатын әдіс-тәсілдерді;
5. оқушыларды модульдік технологияны қолдануда жұмыс істеуге үйрету әдісін;
6. мұғалім мен оқушылардың модульдік технологияны меңгеру кезеңдерін.

Модульдік технологияны сабақта тиімді қолдану үшін мұғалім не істей алуы керек?

1. Оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыру:

- модульдік оқыту бағытында;
- модульдік курс үшін;
- әлеуметтендіру бағытында;

2. Күнтізбелік –тақырыптық жоспарлау.

3. Әр сабақты жоспарлау.

4. Модульдік технология бойынша жүргізілетін әртүрлі типтегі сабақ жоспарларын жасау.

5. Оқу модулін құрастыру.

6. Модуль бойынша оқушылардың өзіндік жұмыстары үшін таратпалы материалдарды дайындау.

7. Модульдерге байланысты оқушыларға өзіндік тапсырмалар құрастыру.

8. Оқушылардың топтық жұмысы үшін берілетін тапсырмаларды дайындау.

9. Оқу жобаларының мазмұнын анықтау.

10. Оқу жобалары бойынша оқушыларға арналған тапсырмаларды құрастыру.

11. Оқушылардың жаңа материалды меңгеруі бойынша өз бетінше орындайтын деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау.

12. Ағымды және қорытынды бақылау алу үшін тапсырмалардың жаңа мәтінін құрастыру.

13. Оқу әрекеттерін сөзбен бағалау көрсеткіштерін анықтау.

14. Тестілік бақылау тапсырмаларын дайындау.

15. Компьютерлік бақылау үшін тапсырмалар дайындау т.б.

Мұғалімнің оқыту әрекеті саналы болу үшін, ол педагогикалық ғылымның заңдылықтарын, тәрбие міндетінің қоғамның мақсаты мен талап - тілегінен туындайтынын, теория мен тәжірибенің бірлігін, әрекет-дамудың көзі екендігін, қарама-қайшылықсыз дамудың жоқтығын, оқытудың білімдік, дамытушылық, тәрбиелік сипатын, тәрбиенің білімдік, оқыту мазмұны мен жоспары, бағдарламаның оқу тәрбие мақсатымен сәйкестігін, т.б. нақты білуі керек. Бұл білімдер мұғалімнің педагогикалық үдерісте қателіксіз еңбек етуіне мүмкіндік жасайды[3].

Мұғалім оқыту үдерісін тиімді еткізіп, оқушылардың белсенділігін тудыру үшін сабаққа қойылатын төмендігі талаптарды ескереді:

а) дидактикалық; б) дамытушылық; в) гигиеналық; г) психологиялық; д) ұйымдастырушылық.

Әдістемелік талапқа аталған барлық талаптардың жиынтығы жатады. Мұғалім оқытудың әдіс-тәсілдерін біліп қана қоймай, тиімді пайдаланғанда ғана оқушылардың білімге құштарлығын, терең түсінігін қамтамасыз етеді /40/.

Сабақ – қандайда жетіліп отыратын шығармалық сипаттағы үдеріс. Сабақ – білім беруде ұйымдастырудың негізгі жолы.

Сабақ құрылымы қандай болса да шәкіртке білім мен дағды беруді көздейді.

Мұғалім – сабақтағы басты тұлға, өйткені ол оқушыларға жүйелі түрде білім алу дағдысын, іскерлігін қалыптастырады. Ол үшін түрлі оқыту әдістерін алмастыра пайдаланып, оқушылардың танымдық әрекетіне мақсат көздей басшылық етеді. Бұл жөнінде педгог ғалым А.Байтұрсынов: «Мектепке бірінші керегі – мұғалім, екінші – оқыту ісіне керек құралдар, үшінші – бағдарлама және оқулықтар керек», - деп, дөп басып айтқан, өйткені оқыту ісінің сапасы осы – үш қажеттілікке байланысты. Әсіресе мұғалім бағдарламаны, әдіс – тәсілдерді пайдаланып, оқушыларды білімен қаруландырады. Олай болса, оқу – тәрбие ісінің бас табысты, білімнің берік болуы мұғалімнің сабаққа мұқият дайындығына байланысты.

Мұғалімнің аталған талаптарды терең біліп, оларды сабақта кешенді тұрғыда пайдаланса, еңбегі нәтижелі болмақ.

Мұғалімнің сабаққа дайындығы шығармашылық сипатта болып, жалаң сөздік әдістерінен арылуы, техникалық құралдарды басым пайдаланып, педагогикалық, психологиялық есептерді, ситуацияларды шештіру, проблемалық, бағдарламалық сабақтарды өткізу, жаңашыл педагогтардың әдістерін шығармашылықпен қолдану - өмір талабы.

Модуль оқыту мазмұнының аса мәнді бөліктерін айқындауға көмектеседі. Модуль оқу материалының автономдық үлесіне қатысты пән немесе пәндер кешені ерекшеліктеріне сәйкес, логикалық аяқталған өзіндік дербес білім бөлігі болып табылады. С.И.Ожегов бойынша модуль дегеніміз – қандай да бір жүйенің, ұйымның анықталатын, біршама дербес бөлігі. Модульдік оқытудың принциптері мынадай: 1) оқу материалын мақсатқа лайықтап іріктеу және оны мақсаттық блоктарға құру; 2) оқу материалының толықтығы, оның жан – жақтылығымен кіріктірілділігі; 3) модульдің біршама дербестігі мен логикалық аяқталуын қамтамасыз ету; 4) оқушылардың материалды игеруімен мұғаліммен кері байланысын әдістемелік қамтамасыз ету.

Сонымен қорыта айтқанда модуль дегеніміз – оқыту мақсаты, ақпарат қоры және қойылған мақсатқа сәйкес әдістемелік нұсқаулары нақты белгіленген, аяқталған ақпарат блогы. Сол себепті де оқу сабақтарында модульдік оқыту технологиясын пайдаланудың маңызы зор.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. - Астана, Достан, 2000.
2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
3. Оспанова Қ.О. Жаңа технология туралы. Бастауыш мектеп. № 12. 3-14 б. 2003.

Бекмаганбетова А.Ж., Голлашева А.К.  
«№ 93 гимназия» КММ Қарағанды қаласы

#### ОҚЫТУҒА ЖАҢА ТҒӨЗДІ АРАС – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Оқытуда жаңа тәсілдерді сырт тұрғыдан ойлау Ұлтымыздың тірегіне айналар ұрпаққа деген көзқарас Елбасымыздың білім саласына ерекше назар аударумен айқындалып отыр. Бүгінгі мемлекет алдындағы басты міндет- білім беру жүйесін жаңарту болып отыр. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Әрине, маманның сапасы мұғалімнің біліктілігіне тікелей байланысты. Дана халқымыз «Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы» деп текке айтпаған. Міне, осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының мақсаты оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, өзінің пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін өз деңгейінде меңгерумен қатар, сандық технологияларды құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды.

Қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы негізгі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, талпынатын, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу - ұстаздың қолында. Ал қоғамдағы жаңа өзгерістер ұстаздардың кәсіби біліміндегі жаңашылдықты талап етеді [1].

Расында да, Қазақстандағы оқу жүйесіндегі басты жаңалық мұғалімдердің жаңаша форматта білімін жетілдіруі болып отыр. Бұл - өркениет үрдісі. Ал қазіргі өркениетке ілесетін адам өмір бойы білімге ұмтылуы тиіс. Сол білімді баланың бойына сіндіретін оның аяулы ұстаздары.